

№1 М.Әуезов атындағы жалпы орта мектебінің 11-ші сынып оқушыларына жүргізілген ҰБТ-ке арналған сауалнаманың

Нәтижесі

24.01.2018


Қатысқаны: 109 оқушы

Мақсаты: Оқушылардың қобалжу деңгейін байқау.

Сауалнама төмендегідей етіп берілген.


1. Оның нәтижелері бойынша психологиялық тестке қатысқан 109 оқушының 34-ін ҰБТ тапсыру мазасыздандырады, ал 56-сын аса мазасыздандырмайды, 19-ін қатты мазасыздандырады екен.

№1 кесте



2. Қатаң режимде алынатын биылғы жағдайда егер ҰБТ-дан сүрініп қалғандай жағдай болса сенің әрекетің қалай болмақ? деген сұраққа оқушылардың «Қалай болғанда да амал жоқ қой, пешенемізден көреміз де» деп 75-і, ал «Мен мұндайға шыдай алмасам керек, маған аса ауыр болатынын сезем» деп 34-сы жауап берген.

№2 кесте




Бұл оқушылар тұрақты психологиялық қолдауды, бақылауды қажет етеді.

3. «Сен ҰБТ тапсырған кезде, мейлі сыртта болса да ата-анаңның тұрғанын қалар ма едің?» деген сұраққа 57-і, ал «Сынып жетекшім мен

мұғалімдер болғанын қалар едім» 29-ы, ал «Олардың ешқайсынан көмек болмаған соң бәрібір» 23-деп жауап берген.


№3 кесте



ҰБТ тапсырған кезде ата-аналары мен педагогтар қатысқаны оқушылар үшін үлкен медеу болады деген сөз.


4. «Сен бәрібір ҰБТ тапсыра алмайсың, одан да одан бас тартып, ақылы оқуға бар» деген қысым сырттан болды ма?-деген сұраққа: «Жоқ» деп 94-і, «Алғашқы кезде болды» деп 10 -і, «Иә, ондай үгіттеу болды» деп 10-і жауап берген,

№4 кесте




5. «Егер сен ҰБТ тапсырудан бас тартқан болсаң, оған ата-анаң да, өзің де келісімді өз еркіңмен бердің бе?» деген сұраққа «Иә» деп 40-і, ал қалған 69-сы жоқ деп жауап берген.

№5 кесте




6. «Өткізіліп жатқан қосымша сабақтардың пайдасы шынымен тиіп жатырма?» деген сұраққа 91 оқушы «Иә», 18-і «Маған жоқ» деп жауап берген
№6 кесте




7. «ҰБТ-да жақсы оқитын оқушылар нашар көрсеткіш, нашар оқитын балалар жақсы көрсеткіш көрсетіп қалуы мүмкін деп ойлайсың ба?» деген сұраққа: «Иә, ол әбден мүмкін» деп 71-ы, «Жақсы оқитын бала бәрібір жаман болмайды» деп 25-ы, «Биылғы жылы ондай бола қоймас» деп 13-і жауап берген.

№7 кесте



8. «Егер саған өте қиын, білмейтін сұрақтар көп келіп қалса, сен қандай күйде боласың?» деген сұраққа. «Менің жүрегім дүрсілдеп кетеді» деп 21-і, «Мен сабыр сақтап, ойымды шоғырландырып, өзіме-өзім келіп аламын» деп 62-і, «Оның несінен қорқамын, бұйырғаны болар» деп 36-і жауап берген.

№8 кесте




(Бұл оқушыларға психологиялық қолдау қажет)

9. Сонымен қатар оқушылар тест барысында сабырсызданып, өзін-өзі ұстай алмайтын оқушылардың аттарын атаған.

10. «Сен өзіңе өмірлік серік болатындай сүйікті мамандығыңды тыңғылықты таңдадым» деп ойлайсың ба?-деген сұраққа: 87-і «Иә», 13-ы «Таңдадым, ар жағын өмір көрсетер» деп, 9-ы «Мен сенімді емеспін» деп жауап берген.

№9 кесте



Сауалнамада бітірушілерді әр қырынан байқауға арналған. Ал біз үшін ең керегі оқушылардың бойындағы қорқыныш, үрей, кобалжу факторларын бәсең түсіру.

Мазасызданып бойларын қорқыныш, үрей билейтін оқушыларға сынып жетекші, пән мұғалімдері тарапынан психологиялық қолдау қажет.